

*Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров
атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық
мектеп-интернат» КММ*

Наурыз айында атқарылған жұмыстың есебі

*Орындаған әлеуметтік педагог:
Ж.Қ.Лесбаева*

Атбұлақ 2024 жыл

Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы
№ 5 мамандандырылған физика – математикалық мектеп - интернат»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы **наурыз**
айында әлеуметтік педагогтың атқарған жұмыстарының есебі

1. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың денсаулығын профилактикалық – медициналық бақылаудан өткізу
2. «Мен тұлғамын » 8 - сыныптар дөңгелек үстел
3. «Ауылға кітап»-бітіріп кеткен түлектер тарапынан ұйымдастырылған акция аясында жұмыс жасау
4. «Зорлық –зомбылықсыз әлем» тақырыбында сауалнама алу

**Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың денсаулығын профилактикалық
– медициналық бақылаудан өткізу**

Балаларды профилактикалық медициналық тексеру – бұл ауруларды ерте сатыда анықтауға және аурулардың дамуын, қауіп факторларын, қосалқы аурулардың туындауын болдырмауға және балалар денсаулығын нығайтуға бағытталған тексерулер. Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық – адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет.

Табиғи қозғалыстың түрлері жүгіру, қарғу, жүзу, лақтыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика өмірге қажетті дағды және іскерліктерді қалыптастырады. Жас адамдардың денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік сияқты адам қабілетін дамыту оқушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді. Дене тәрбиесі саласында ырғақ, жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады. Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруда талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі. Әлеуметтік топтағы оқушылардың денсаулығы жақсы, тексеруден өтті. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың денсаулығының қаншалықты қалыпты өсіп келе жатқанын білу үшін, ауытқулар болған жағдайда уақытылы емдік-профилактикалық көмек көрсету және ерте диагностикалау үшін балаларды профилактикалық медициналық тексеріп-қараудан өткізіп тұрудың маңызы зор екенін ескертеміз. Сол себепті ата-аналарға балаларын профилактикалық медициналық тексеруден өткізуге белсенді қатысуға кеңес береміз!

«Мен тұлғамын » 8 - сыныптар дөңгелек үстел

Мектебіміздің 8 сынып оқушылармен жоғарыда аталған тақырып бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: «Мен» бейнесін айқындау, оқушы бойындағы жағымды қасиеттерді ашып, жағымсыз қасиеттерден арылуға жағдай жасау, жеткіншектердің өзін-өзі тануын қалыптастыру, өзіне деген сенімділігін арттыру, өз көңіл-күйін игере білуге және басқаруға, қадағалауға, дұрыс бағалай білуге тәрбиелеу, ой-қиялын дамыту. Оқушылардың ойлау жылдамдығын, зейінін дамыту, өзін және өзгені тыңдай білуге бағытталған ойындар өткізілді. Сонымен қатар, өзін-өзі бағалау деңгейіне экспресс-диагностика жүргізіліп, тұлғаны қалыптастыру жолдары, өзін-өзі бағалауды арттыру әдістері турасында ақпарат айтылды.

«Зорлық –зомбылықсыз әлем» тақырыбында сауалнама алу

Зорлық-зомбылық неден туады? Зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін не істеп жатырмыз және не істеуіміз керек? Міне осы тақырып бойынша 7 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама алу барысында оқушылар тарапынан айтарлықтай қиындықтарды көрмедік.



Барлық оқушылар толығымен қатыса отырып, сұрақтарға жауап беріп өтті. Біз тұғыры биік, төрт керегесі тең, егеменді елміз, қылығы таза қыз бен арғымаққа мінер ұл өсірген халықпыз. Ал, Тәуелсіз елде зорлық-зомбылыққа жол жоқ! Қоғамда болып жатқан дүниелердің барлығы дерлік отбасынан бастау алады. Сондықтан қоғамды тазарту үшін ең алдымен отбасындағы тәрбиелеу жұмыстары мен сауаттылықты дұрыстауымыз қажет. Қоғамның үлкен бір кеселіне айналған отбасындағы зорлық-зомбылық, мектеп қабырғасындағы күш көрсетулер, жұмыскерлер арасындағы мардымсыз талаптар. Тек келіспеушілік салдарынан туған зорлық-зомбылық қана емес, барша адамның жауына айналған ішімдік секілді зиянды нәрселердің салдарынан қарапайым жанұядағы балалардың ата-анасынан зардап шегуі, көше кезіп, дала түнеуі. Жоғарыда айтылып өткен жағдайларды оқушының бойына сіңіре алдық деп ойлаймын. "Тәрбиесіздік-ол адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім келешекте адам өміріне апат әкеледі" деген болатын ұлы бабамыз Әбу насыр әл Фараби. Сол себепті тәрбиені түзегеніміз-қоғамға дерт емес, абырой алып келер азамат пен азаматша өсіргеніміз. Зорлық-зомбылықтың санын емес, зорлық-зомбылықты жою қамын қарастыруымыз қажет. Сонда ғана, зорлық-зомбылықтың қоршауынан шығамыз. Қысымсыз өскен өскелең ұрпақ -біздің жарқын болашағымыздың кепілі!

« Мектепке жол» акция аясында

Демеуші тарапынан мектебіміздің 7 сынып оқушылары Көбей Назым мен Исабай Ердәулетке аяқ киім берілді.



Мектеп директоры:

[Signature]

Ж.Ахмедов